Физика пәнінің оқытылуы туралы
Анықтама

Бақылау түрі: жеке дербес бақылау

Бақылау мерзімі: 14-18 сәуір 2025ж.

Пәндері: физика

Класс: 8-9 сыныптар.

Бақылау мақсаты: 8-9 кластар бойынша физика пәнінің оқытылу жағдайын зерделеу. Білім сапасының төмендеу себептерін анықтау.

Бақылау барысы: Сабақтарға қатысу, мұғалімнің күнтізбелік, күнделікті сабақ сынып журналдарымен сәйкестігін тексеру.

Физика кабинетінің саны-1 /№208/. Пәндер кабинеттік жүйемен оқытылады, сабақ кестесі кабинеттік жүйемен құрылған. Кабинетте ақпараттық құралдар жеткілікті. №208 кабинет толық құралдармен жабдықталған.

Физика пәнінің оқытылуы

Физика пәнінен 8-9 кластарына 2 мұғалім сабақ береді.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Санаты	Сабақ беретін кластары	Сағат саны
1	Жалпина Б.Н	Жоғ.б/с	8а, ә, б, в; 9б, в.	10
2	Нурмаханова Ж.К.	Модератор	9а, ә	4

1. Жалпина Б.Н – білімі жоғары, жоғары санатты мұғалім. Сабақ жоспарлары бағдарламаға сәйкес келеді. Журналда оқушылар бағаланған, бағалау нормасы сақталған. 16-сәуір күні 8ә сыныбында «Жарықтың сыну көрсеткішін анықтау» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақ әңгіме, лекция әдісі арқылы өткізілді. Электрондық оқулықты және әр түрлі кеспелер түрлері пайдаланылды. Сабақ қосымша есептер шығару арқылы бекітілді. Оқушылардың сабаққа ынтасы жақсы деңгейде болды. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсы қалыптасқан, өз бетімен жұмыстану аз байқалды. Оқушылар дәптерлерінде деңгейлік тапсырмалар бар, шығармашылық тапсырма жоқ. Жеке оқушыларға көңіл бөлді. Оқушылар өз бетінше жұмыстанды. Өзіндік жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың қатысымы орташа. Сабақ қорытындыланып бағаланды. Ақпараттық технология қолданылады. Жұптық жұмыс жасалады.

2. Нурмаханова Ж.К. - жоғары білімді, санаты – педагог-модератор. Күнтізбелік жоспармен сабақ жоспарлары сәйкес. Журнал уақытылы толтырылған. Бағалау нормасы сақталған. 15-сәуір күні 9ә сыныбында "Рентген сәулелері» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақ топтастыру жұмыстары арқылы жүргізілді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жақсы болды. Өткен материалға шолу жасалды. Талқылау үшін сұрақтар берілді. Есеп мәтіндеріне шолу жасалды. Әрбір топ 5 сұрақ пен есептен тұратын тапсырмаларды орындады. Сабақта кері байланыс болды. Электрондық оқулықпен жұмыстанды. Дидактикалық материалдар қоры бар. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы жақсы, өз бетімен жұмыстану аздау байқалды. Оқушылар дәптерлерінде деңгейлік тапсырмалар бар, шығармашылық тапсырма жоқ. Кейбір оқушылардың дәптерлері тексерілмеген. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс болған жоқ.

Қорытынды:

1. Физика пәнінің жүргізілу сапасы жақсы.

Ұсыныс:

Сканировано с CamScanner

1. Пән мұғалімдеріне оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеру.
2. Үлгерімі төмен оқушыларға жеке тапсырмалар беру.
3. АКТ қолдану.

Сканировано с CamScanner